

ЭССЕ

Ұстаз- ұлылықтың, адалдықтың символы

Ұстаз болу- өз уақытын аямау,

Өзгенің бақытын аялау. (Ж. Ж. Руссо)

Ұстаздық – дара жол, даңғыл жол! Бұл жол қажырлы еңбек пен үнемі ізденімпаздықты талап етеді. Ұстаздың да ұстазы бар !

Өз кәсібін сүйетін адам ғана өз ісінің шебері болмақ! Болашағына жоспар құрмайтын жан жоқ шығар?! Себебі, өмір – құпиясы мен қызығы, қиындығы қатар тұратын тылсым дүние. Ұстаз ғылыми ізденіс пен тәжірибені қатар ұстайтын іскер жан болуы керек. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе- ас бер, он жыл қалғың келсе- ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе- бала тәрбие», - дейді халық даналығы. Мен үшін ең қастерлі де, қасиетті мамандық ол- ұстаздық мамандығы болмақ. Бұл жол қажырлы еңбек пен үнемі ізденімпаздықты талап етеді. Өз басым ұстаз болуды бала күнімнен армандадым. Мен үшін ұстаз болу- жоғары мәртебе!

Ұстаз...Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. Адам баласының жүрегінде қадір тұтып, құрметтейтін екі ұғым болса, соның бірі – Ұстаз.

«Ұстаз» деген қазақ баласы үшін қашан да қасиетті, қадірлі болған. «Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер құлаққа «ана тәрбиесін алған» деген сөздермен ұштасып жатады. Алғаш рет жол танытып, өмірдің қыр сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жан дүниеге нұрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары анық. Ұстаз әр адамның жанына білім дәнін сеуіп, әр шәкіртін аялап, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүруге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді.

Менің ойымша, кез келген адам ұстаз бола алмайды. Себебі, ұстаздық өнер-тағылымы терең өнер. Ал өнерлі болу кез келген адамға қона бермейді. Олай болса, шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбекке

ұштастырылуы шарт. «Шәкірсіз ұстаз тұл» деген тегін айтылмаса керек. Дүниедегі сыйлы адам да ұстаз. Себебі, шәкірт өнер, білім, әдеп тәрбие, кәсіп үйреткен адамының алдында өзін өмір бойы қарыздармын деп санайды. «Ұстаз болу өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай әр шәкіртінің болашағы үшін алаңдайтын ұстаздың еңбегі еш кетпейді деп түсінемін.

Шәкірт- менің жүрегім !Өзімнің тәжірибеме сүйене отырып, жаңашыл ұстаз болмысын сомдар болсам, біріншіден, мұғалім- үздіксіз ізденуші. Кез-келген тосын сұраққа жауап беріп, кез-келген жағдаяттан шыға алатын білімдар жан. Ізденіс мен үшін әрқашан теориялық білімді кеңейтіп, методикалық әдіснамамды арттырудың тиімді жолы болмақ. Сол арқылы келешек ұрпақтың сапалы білім алуы қажеттілігін жадынан шығармай кәсіби мәдениеті жоғары, білікті маман атану.

Қорыта келе, ұстаз, ол мен. Мен- ұстазбын, мен- зерттеушімін, мен- ұйымдастырушымын , мен-ұрпақты келешекке жетелеп апаратын тәрбиешімін. Менің алдымда отырған әрбір жас жеткіншектің ертеңгі күні адамгершілігі мол, қоғамды өркендетуге қарымы жететін азамат, терең ойлап, дұрыс іс- әрекет ететін, барлық тірі жанға сүйіспеншілікпен қарайтын рухани бай тұлға болып қалыптасуын қалаймын және қалыптастырамын. Мені осы қиын да қызық мамандық ешқашан жалықтырған емес, қайта өмір сүруге күннен- күнге құлшынысымды арттырып, жаңа жолдар мен шешімдерді, жаңа әдіс- тәсілдерді іздеуге итермелейді. Демек, бойымдағы жігерімді, күш- қуатымды, жаңашылдығымды шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өсіп- дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына мен себепкер болған шәкірттерімді биік белестерден көріп келемін және тағы да көрсем, өзімді бақытты ұстаз, бақытты адам ретінде толықтай сезініп білемін.